

«Бекітемін»

Мектеп директоры м.у.а

 А.Розакулов

«Келісемін»

Мектеп директорының тәрбие
жұмысы жөніндегі орынбасары:

 Ф.Караев

2023–2024 оқу жылында
№27 «Аққала» жалпы орта мектебі
3- сыныптарына арналған «Жолда жүру ережелері»
оқу пәнінің күнтізбелік-тақырыптық жоспары



**3 сыныптарға арналған «Жолда жүру ережелері»
оқу пәнінің күнтізбелік-тақырыптық жоспары**

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Өткізетін мәрзімі
1	Балалардың көшеде жолда жүру ережелері.	1	қаңтар
2	Оқушылар тәртібінің көшедегі және жолдағы ережелері.	1	ақпан
3	Жол жүру белгілері мен таңбалары.	1	наурыз
4	Жарақаттанған кезде алғашқы медициналық көмек көрсету ережелері	1	сәуір
5	Сен велосипедшы	1	сәуір
6	Қорытынды сабақ	1	мамыр
	Жалпы	6	


Сынып жетекшісі:

Д.Ғуламова

Мектеп:
Мұғалімнің аты-жөні:
Сынып: 3

Сабақтың тақырыбы	Балалардың көшеде жолда жүру ережелері.	
Сабақтың мақсаты	Балалардың көшеде, жолда жүру қауіпсіздік ережелері туралы алған білімдерін пысықтау, өмірлік қауіпсіздік ережелеріне үйретуді жалғастыру. Танымдық белсенділігін, жол белгілерін білу мен олардың атқаратын қызметін, қоғамдық және көліктердегі тәртіп сақтау заңдылықтары туралы түсініктерін, ойын арқылы ойлау қабілетін, тіл байлықтарын дамыту. Шығармашылық қабілеттерін арттыру.	
Құндылықтарға баулу	Жолда жүру ережелерін орындауға, дамытушы ойындар арқылы ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	
Пәнаралық байланыс	Әдебиеттік оқу, жаратылыстану	
Сабақтың жоспарланған кезеңі	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру бөлімі. Сәлемдесу. Шаттық шеңбері: Алтын сәуле арайлы. Бақшамызға тарайды. Қуанышпен шат күліп, Қарсы алайық арайды. Қайырлы таң қонақтар! -Сәлеметсіздерме?!	
Сабақтың ортасы	Балалардың көшеде, жолда жүру ережелері. -Ережені білеміз, Көшеде еркін жүреміз. Біздің ұран осындай, Сіздерге айтып береміз. Біз бақшаға барамыз. Оқу білім аламыз -Балалар, бүгін біздің сабақта БДПП полиция бөлімінің полиция лейтенанты Аубакиров Рустам Рахадұлы қонақта. -Көліктер қайда жүреді? - Жолда. -Көшедегі жолдар қандай болады екен? -Ұзын, қысқа, тар-кең -Көшеде келе жатқан адамдарды кімдер дейді? -Жаяу жүргіншілер. Слайд көрсету: «Сақта жолдың тәртібін» Көшеге шыққаннан кейін, айналамызға абайлап, қарап жүрмесек болмайды. Себебі бағдаршамға бағыныпжүру тәртібін қатаң сақтаған адам өз өмірінің қауіпсіздігін де қамтамасыз ете алады. Үлкен жолда доп ойнауға, велосипедпен көшеде жүруге бола ма? -Келе жатқан көліктің алдынан өтуге бола ма? Ой толғаныс: «Венн диаграммасы» Ортақ қасиетін салыстыру. Ескерту, тыйым салу, меңзеу (нұсқау) белгілерін орындарына атап қояды. Жол белгісі суреттері: -Мына белгі тамақтану орны бар деген белгі. - Түсі көк шеңберде адам бейнеленген. (Жаяу жүргіншілер жолы). - - Мынау белгі автобус аялдайтын орын. - Қызыл шеңберде адам бейнеленіп, үстінен сызылған. Бұл белгіде жаяу жүргіншілер қозғалысына тыйым салынады дегенді білдіреді. - - Бұл белгіде қызыл шеңбердің ішінде велосипед суреті бейнеленген. Велосипедпен қозғалысқа тыйым салынады	бағдаршам, венн диаграмма, жол белгілері, жол қауіпсіздігі туралы суреттер, слайд арқылы суреттер көрсету, жол макеті 

Жұмбақ жасырылады:
 Үш көзі бар қаз – қатар.
 Кезек – кезек ашады.
 Үшеуінен байқасам
 Үш түрлі нұр шашады. **Бағдаршам**



Бағдаршам:

Менің атым бағдаршам,
 Мекен жайым тұрақты.
 Жақсы білем міндетімді,
 Мүдірмеймін ешқашан.
 -Балалар, бағдаршам біздің өмірімізді қауіптен сақтандыратын көмекшіміз.

Айтыңдаршы, бағдаршамның көшедегі қызметі қандай?

- Көшедегі жүру тәртібін сақтайды.

Ойын: «Сақ бол!»

Қызыл көзін жағады. (қозғалмай тұру)

Сары көзін жағады. (қол шапалақтау)

Жасыл көзін жағады. (бір орында тұрып жүру).

-Балалар мына тақтадағы үлкен суреттерге мұқият қарайықшы. Бұлар нені білдіреді?

- Бізге жолдан өтуге көмектеседі. Дұрыс айтасындар.

«Жаяу жүргіншілер өтпесі»

-Қиылыста, жол шетінде, бұрышта.

Түрлі-түрлі белгілер бар тұратан.

Жүресің бе? Жүрмегенің дұрыс па?

Не істеу керек

Жол жүрудің тәртібін

Ережесін білеміз.

Сақтағанда қатерден

Сау саламат жүреміз.

Бұзба көше тәртібін,

Ұрынарың апатқа.

Қызықты өтсін әр күнің,

Жақын болма шатаққа.

Ата – ананың сенімін,

Еске ұстап ақтай біл.

Жолдан өтер жаяудың,

Ережесін сақтай біл!

Сергіту сәті:

Бұзба көше тәртібін

Ұрынарың апатқа.

Қызықты өтсін әр күнің,


Жақын болма шатаққа.

Бірге, жақсы жасады.

-Ендігі кезекті БДПП полиция бөлімінің полиция лейтенанты Аубакиров Рустам Рахадұлына сөз береміз.

«Көшедегі жағдаяттар» ойыны.

- Балалар, көшеде танымайтын, бөтен адаммен сөйлесуге, оның алдағанына көніп, қолынан заттарын алуға болмайды екен. Көшеде абай болыңдар?



Сабақтың соңы
 Рефлексия

«Сұрақ-жауап» ойыны.

- Бағдаршамның неше түсі бар?

Үш: қызыл, сары, жасыл.

- Қай түс жанғанда машиналар жүреді?

- жасыл

- Көлік күтетін жерді қалай атайды?

- Аялдама

- Көшеде жаяу жүрген адамдарды кімдер дейді?

- жүргіншілер

- Бағдаршамның «қызыл» көзі не дейді? «Тоқта!» - дейді.


- Ақ жолақ немесе зебра жол.
 - Бағдаршам жоқ көшеден қалай өтеміз?
 - Көшенің ортасына келгенде оң жаққа қарайды.
 - Жарайсыңдар балалар!
 - Көше қауіпсіздігі, жол ережесі, белгілер жайында.
- Бүгін бізге қонаққа кім келді?
Қандай ойындар ойнадық?

- «Сақ бол!», белгілерді орнына қойдық...

Жарайсыңдар, жақсы қатыстыңдар.

Кері байланыс парағы. « Бағдаршам » әдісі бойынша.

Бағдаршам әдісі бойынша бағалау



**Қызыл – мен ештеңе
түсінбедім**

**Сары – маған әлі де
түсініксіздеу**

**Жасыл – маған бәрі
түсінікті**